

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК
комплеанс қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
нәтижелері бойынша **АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Осы анықтама Шымкент қаласы білім басқармасы «Политехникалық колледжі» МКҚК директорының 26.11.2024 жылғы №151-н/қ бұйрығының негізінде құрылған жұмыс тобы жүргізген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша жасалды. Жұмысшы топ құрамында: Ф.Мустафин - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комплеанс офицер, жұмыс тобының жетекшісі; Л.Маймақова-колледж әдіскері; Ж.Айтимбетов - заңгер кеңесші.

Ішкі талдау объектісінің толық атауы: Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК.

Ішкі талдау жүргізудің негізі: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағын іске асыру мақсатында және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары.

Ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2024 жылдың 1-25 қыркүйек күндер аралығы.

Білім саласында сыбайлас жемқорлық мәселесі оқу орындарының тиімділігі мен білім беру сапасына тікелей әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Осы уақытқа дейін Политехникалық колледжінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның деңгейін төмендету үшін түрлі шаралар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Оған комплеанс қызметтің бақылауы, білім беру жүйесінің ашықтығы, тәртіптің қатаңдығы және білім беру процесін реформалау сияқты факторлар кіреді.

1. Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету үшін жүргізілген шаралар: Аналитикалық зерттеулер көрсеткендей, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген шаралар нәтижесінде оң өзгерістер байқалған. Бұл шараларға мыналар жатады:

Жемқорлыққа қарсы тәртіпті енгізу: Қазіргі уақытта парақорлықты болдырмау үшін оқу үдерісі мен емтиханды бақылауды күшейтетін арнайы ережелер мен процестер енгізілуде.

Емтихандарды онлайн жүйеде өткізу: Бұл студенттер арасындағы «пара беру» мәселесін азайтуға мүмкіндік берді, өйткені емтихандардың ашықтығы мен әділдігі артты.

Қоғамдық бақылау мен ашықтықты арттыру: Оқу процесіне қатысушылардың, соның ішінде студенттердің, ата-аналардың және қоғамдық ұйымдардың бақылауын қамтамасыз ету мақсатында «ашық есік» бағдарламалары жүзеге асырылуда.

2. Оқу процесінің ашықтығы мен әділдігінің артқаны

Қазіргі уақытта оқу процесінің ашықтығы мен әділдігіне ерекше көңіл бөлінді. Мысалы ақпараттық жүйелердің енгізілуі: Оқу бағдарламалары,

студенттердің академиялық көрсеткіштері, тестілеу және емтихан нәтижелері туралы ақпараттар онлайн түрде жариялануда. Бұл оқу процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтеді.

Тәртіптік кеңестер мен комиссиялар құру: Студенттер мен оқытушылар арасындағы сыбайлас жемқорлық оқиғаларын тексеретін арнайы комплеанс қызметтің құрылуы арқылы оқу орнында әділдік орнатылды.

3. Студенттердің құқықтық және моральдық деңгейінің артуы

Студенттер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін құқықтық сауаттылықты арттыруға арналған шаралар өткізілуде. Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы лекциялар, семинарлар мен тренингтер жиі ұйымдастырылып, студенттерге өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге ерекше назар аударылады.

4. Білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықты жеңудің тиімділігі

Колледждерде сыбайлас жемқорлықпен күресу нәтижесінде бірнеше оң өзгерістер байқалды:

Білім беру сапасының жақсаруы: Парақорлық пен заңсыздықтың азаюы оқу орнының білім беру сапасын арттыруға ықпал етті. Студенттер объективті бағалау жүйесі арқылы білім алады, ал оқытушылар өз кәсіби міндеттерін адал орындауға ұмтылады.

Қоғамдық сенімнің артуы: Колледждерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді шаралар қабылданған сайын, студенттер мен қоғамда білім беру мекемелеріне деген сенім артып, оның имиджі жақсарды.

Оқу орындарының қаржылық тиімділігінің артуы: Құқықтық тәртіпті нығайту және сыбайлас жемқорлықты жою арқылы колледждер қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану мүмкіндігіне ие болды. Бұл өз кезегінде оқу процесін жақсартуға және оқу орындарының инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді.

5. Қорытынды

Колледждерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген аналитикалық зерттеулер мен шаралар нәтижесінде оң нәтижелерге қол жеткізілгенін көрсетті. Әрине, сыбайлас жемқорлықтың толық жойылуы қиын, бірақ оның деңгейінің айтарлықтай төмендеуі оқу орнының ашықтығы мен әділдігіне ықпал етеді. Білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту арқылы оқу орындарының беделі артып, білім беру сапасы жоғарылайды.

Қазіргі таңда колледждерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде, және бұл жұмыстың нәтижесі қоғам мен білім беру жүйесі үшін маңызды оң өзгерістерге әкеледі.

Ішкі талдау бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету: 1.1 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына

құжаттар қабылдау мемлекеттік қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 мамырдағы «техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №197 бұйрығы және Шымкент қалалық білім басқармасының Политехникалық колледжі МКҚК жарғысы негізінде жүзеге асырылады. Шымкент қалалық білім басқармасының Политехникалық колледжі МКҚК оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау 20 маусым мен 25 тамыз аралығында күндізгі оқу түріне жұмысшы және орта буын мамандарын даярлайтын техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша 495 білім алушы құжат тапсырды. Олардың ішінде 495(төрт жүз тоқсан бес) SMARTNATION платформасы порталы арқылы қабылданды.

1.2.Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру мемлекеттік қызметі «Орта, техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28қаңтар дағы №39 бұйрығының 2 Параграф «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету тәртібіне сәйкес азаматтар өтініш білдіруде.

1.3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ, қорғаншылық пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну мемлекеттік қызметі «Техникалық және кәсіптік ,орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына,сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі №82 бұйрығына сәйкес 2024 жылдың 16 қыркүйегіне дейін 500ге жуық білім алушы құжат тапсырды.

1.4. Техникалық және кәсіптік ,орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларына жатақханалар беру мемлекеттік қызметі «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтарындағы №66 бұйрығына сәйкес 2024 жылдың 04 қыркүйегіне дейін 132(жүз отыз тоғыз) білім алушы SMARTNATION платформасы арқылы өтініш білдірді.

1.5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестациялау өткізуге құжаттарды қабылдау мемлекеттік қызметі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бұйрығына сәйкес өтініш берген біліктілік санатарына сәйкестігімен танысу және талдау жұмыстары нәтижесінде колледж оқытушылары «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына жинақталған кешенді жұмыстары жинақталып, өтініш берген біліктілік санатарына сәйкестігімен жұмыс жүргізілді, нәтижесінде Шымкент қаласы білім басқармасының сараптау кеңесінің және аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша, Политехникалық колледж оқытушыларына 2024 жылдың 14 мамырындағы №81 Ж/Қ бұйрығына сәйкес «педагог-модератор» -1, 2024 жылдың 28 тамызындағы №137 Ж/Қ «педагог-модератор» -3, біліктілік санаты берілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

II. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар: Колледжге қатысты жағымсыз материалдарды, жарияланымдарды, сондай-ақ колледждің тұлғалары мен қызметкерлерін анықтау мақсатында БАҚ-қа мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

III. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері: Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі жұмыстың жай күйіне жасалған талдау жеке және заңды тұлғалардың өтініштері « Қазақстан Республикасы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы » Заңына сәйкес белгіленген тәртіппен және мерзімде қаралатыны анықталды.

«Е-өтініш» ақпараттық жүйесі бойынша 01.01.2024 - 16.09.2024 аралығында Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» Мемлекеттік мекемесінде тіркелген жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің **САЛЫСТЫРУ АКТІСІ.**

№	Жалпы түскен	Жалпы қаралған	Жолданымды уәкілетті әкімшілік	Мерзімі бұзыла	Мерзімі бұзыла	Есепті мерзімнің
---	--------------	----------------	--------------------------------	----------------	----------------	------------------

	өтініштер	өтініштер	органға, лауазымды адамға қайта жолданған өтініштер	отырып қаралған өтініштер	отырып қайта жолданған өтініштер	соңындағы қалдық
1	ББСЖ базасы бойынша					
2	Жалпы МО «е-Өтініш» АЖ-сі бойынша, квази мемл., 100% мел.уч.	14	14	-	-	-

Тыңдау рәсімі жүргізілген өтініштердің саны - 0; Өтініш берушілердің сот тәртібімен шағымданған өтініштер саны - 0; (өтініштерге берілген жауаптар бойынша сотқа шағым жасалғаны) - 0. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша тәуекелдер анықталған жоқ.

IV. Шымкент қалалық білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК- да 2024-2025 оқу жылында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында өткізілген іс-шаралар:

№	Іс-шара атауы	Facebook әлеуметтік желісіндегі сілтемесі
1	Колледжі білім алушылары арасында «Таза сессия - 2023» акциясы бойынша түсіндірме жұмыстары	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid07NxosS5qT7YGLjTnQYw4Wj2FrkCMYKESd6QeYGoQHphbfX DmWcKXDFKfAcMnWcNl1
2	«Берте милка» ЖШС бас директоры, «АМАНАТ» партиясының мүшесі, Шымкент қалалық маслихатының депутаты Абишев Бөкейхан Нұралыұлымен «Арманда! Еңбектен! Жетістікке жет!» тақырыбында TedX форматында кездесу	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid025rrDviBHHd3eMDnBC3tc52AjVf4HWQYoArzOHK4bTdfQk6Y FiXwb9r381vagxQNol
3	Жұмысқа орналастыру тәртібі туралы нормаларды түсіндіру жұмыстары	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid02x4dato3PLRkL4byumGVCteezzy2ftRyRTBCXfdtejtFVyPo91rK 2YL4Cp4NmKpJl
4	«Ізгілікте жарысайық» қайырымдылық қоғамдық қорының директоры Қайрат Бақытұлымен TedX форматында кездесу	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid0sTy3fDFx4gT2GBPGUKJyh1orcAqWYSRZZav5AJfCUpjsu6sL5 OKUTrNeJnD3hbSnI
5	Даңқты боксшы Нұржан Дінікүлұлы Смановпен TedX форматында кездесу	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/videos/470427002001762/
6	«Газ техникалық қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мамандарымен кездесу	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/videos/1639228940165442/
7	«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС мамандары колледждің бітіруші топтарымен кездесуі	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/videos/773968584843146/
8	Ата-аналар жиналысы	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid02wA9PaXuAGQxZLCgmTLqsKKjYG7v92xiZEikVYsf7GEJrBud8L8y64NXk1K7HNJbYI
9	«Таза сессия-2024» акциясы аясында 1 курс студенттерімен кездесу	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid02Js1cdudT1c2zMWRWGa9nqJbSd5qPZNYXVVRMBFJVZtbz MtwGgtwwjUJEM8v7Achl
10	«Таза сессия-2024» акциясы аясында 2 курс топ басшыларымен кездесу	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid0fdGmjBdXR8BqMzsM8hou2uyMKdCm8qZozvTHES75Z3e9TYgmJz9H84WBMbkFPmZcl
11	«Таза сессия-2024» акциясы аясында 1 курс	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid0N

	студенттерімен жиналыс	14qYgbDZFDgre8ipPXTBFUXNXhXfJommVPwoy14DHALzDYVW2aX8GgbxChCVWQVl
12	«Таза сессия-2024» акциясы аясында топ басшылармен кездесу	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid02vp3x1iJq87WnWfCST4HW1MersXyjaF2ZYULdRHeVz7RpthbhMgxmz8GPXWyhEReNl
13	«Политехникалық колледжі» МКҚК	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid0272najoGsj6RMyeboymoWsvJ4HfFnWoKHB7Z1DMiXB9EJRmpHvx4XvWD6sW2RiE9hl
14	«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН – АДАЛ АЗАМАТ – ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ»	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid0272najoGsj6RMyeboymoWsvJ4HfFnWoKHB7Z1DMiXB9EJRmpHvx4XvWD6sW2RiE9hl https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid02Rj2Qf7vUR8J5wSfBVtLuNsmmDpHCGfDGdH6Si7bayUXJTrsk1M2bU3i95F7tkUtFl https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid02Kyqxr26CHwpDXjhOeBboaGx5PsW69J7xnxwWwsscDeuzpEq4FhkrBbrXUAry4Zal https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid036PKwqXnDYWbmFmLuwwvwhom1mHSnWUxGe1N75j3mPQDEL5j3dENKcvxHrcCN2Essl
15	Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК	https://www.facebook.com/politehnikalyq.kolledj/posts/pfbid0272najoGsj6RMyeboymoWsvJ4HfFnWoKHB7Z1DMiXB9EJRmpHvx4XvWD6sW2RiE9hl

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жұмыстар тұрақты түрде жүргізулуде.

Ұсынымдар: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында жұмыс тобы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтай отырып, колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмысты жалғастыруы қажет.

Жұмыс тобының жетекшісі: _____ Ф.Т.Мустафин
Жұмыс тобының мүшелері: _____ Л.Маймақова
_____ Ж.Н.Айтимбетов